

«Сыр бойы» газетіне 85 жыл

Жазба деректердің үлкен бір тобын мерзімді басылымдар құрайды. Газет не журнал белгілі бір мерзімділікпен өткенді өз бетінше бейнелейді. Сондықтан олар қоғам өмірінің өткені жазылған өзіндік күнделік міндетін атқарады. Демек, уақытылы шығып тұрған газеттер өткеннің белгілі бір кезеңдегі үздіксіз даму тарихын қалпына келтіруге көмектесе алады. Газет материалдары өзінің құрамы жағынан әр алуан болып келеді. Онда ақпараттық материалдармен қатар өзінің мазмұны жағынан әр түрлі жанрларға жататын жеке адамдық деректер, хаттар, күнделіктер, естеліктер, ресми құжаттар, статистикалық мәліметтер, көркем шығармалар т.б. кездеседі. Баспасөз материалдарының өзінің құрамы жағынан күрделілігі, оның басты деректік ерекшелігі болып табылады. Баспасөз мәліметтерінің формасы жағынан да мазмұны жағынан да әр түрлі болып келуі, олардан ұлт өміріне қатысты жан-жақты мәлімет алуға мүмкіндік береді. Сондықтан, мерзімді басылымдар тарихи дерек көзі ретінде қоғамның саяси әлеуметтік – мәдени дамуы туралы құнды мағлұматтар бере алады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақстандық мерзімді басылымдардың, әсіресе қазақ тіліндегі газет – журналдарды Қазақстан тарихының дерек көзі ретінде арнайы зерттеуге ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар республиканың облыстарында шығатын мерзімді басылымдардың тарихын зерттеу арқылы сол кезеңнің тарихи шындығын білуге ерекше ықылас туды. Республикадағы байырғы басылымдардың бірі - Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті болып табылады. Себебі, сонау 1929 жылдары Алаштың ардақты азаматтары іргесін қалаған газеттің терең тарихы, бай шежіресі – баршаға ортақ қазына. 2014 жылы Қызылорда облысының «Сыр бойы» газетінің алғашқы саны жарық көргеніне де, міне, 85 жыл толып отыр. Алғашқы кезде арабша, латынша әріптермен жарық көріп, одан бүгінгі кирилл әрпіне жеткенше газет те қоғамдық саяси өзгерістерді бастан кешіріп, аттарын үш мәрте өзгертті. Сонау 1929 жылы 1 шілдеде «Сыр бойы» деген атпен алғаш рет оқырмандарының қолына тиген, ол 1932 жылы «Ленин туы», ал 1938 жылы «Ленин жолы» деп аталды. Бұдан кейін араға елу жылдан астам уақыт салып барып, еліміз тәуелсіздік алып тарихи атауларды қайта қалпына келтіре бастаған шақта, яғни 1991 жылдың 24 қыркүйегінде газет өзінің алғашқы атауы «Сыр бойын» қайта иеленді. 1981 жылы шыққан Х.Бекхожиннің «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі» [1] атты еңбегінде қазақ баспасөзінің тарихы жан-жақты талданып, оның міндеті мен мақсаты уақыт талабына сай идеялық мазмұнмен жазылған. Сонымен қатар, тәуелсіздік жылдары қазақ бұқаралық ақпарат құралдары, оның

ішінде газет – журналдар тарихына арналған Н.Омашевтің «Қазақ журналистикасы» [2], Ө.Әбдіманаповтың «Қазақ» газеті [3], Қ.Алдабергеннің «Көне басылымдар. Құнды деректер, Аяулы есімдер» [4] – атты монографиялық еңбектері жарық көрді. Тәуелсіздік жылдары ұлттық басылымдарды тарихи дерек көзі ретінде зерттеуге басты назар аударылды. Атап айтқанда, 1998 жылы зерттеушілер Ұ.Субханбердина, С.Дәуітовтың құрастырумен «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің жинақтары шығарылды [5]. Сонымен қатар, соңғы жылдары жарияланған Алаш көсемдері Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың басылым беттерінде жарияланған мақалалары да тарихи дерек көзі ретінде пайдалануға құнды дерек болып табылады. Сонымен қатар, профессор Қ.Атабаевтың «Қазақ баспасөзі: «Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918 жж.)» [6] атты монографиясында ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының жазба деректерінің бірі - қазақ баспасөзінің пайда болуы, қалыптасуы және дамуы деректік ерекшеліктері туралы әңгімеленген, баспасөзден шынайы, ғылыми құндылығы жоғары мәліметтер алудың теориялық – методологиялық принциптері көрсетілген, баспасөзге деректанулық талдау жасаудың тәсілдері мен жолдары ұсынылған. «Сыр бойы» газетінің қысқаша тарихы журналист Т.Қожекеевтің «Жыл құстары» [7] еңбегінде баяндалады. Онда басылымның 1929 жылдан 1979 жылға дейінгі 50 жылдың тарихы туралы мәліметтер бар. Сондай-ақ Ы.Қалиев пен Е.Шілдебаев жазған «Дария жағасындағы қала» [8] атты кітапта газеттің облыстың әлеуметтік – экономикалық мәдени дамуын көрсетудегі рөлі жан – жақты баяндалады. 1998 жылы жарияланған «Сыр өңірінің тарихы» [9] атты кітапта «Сыр бойы» газетінің тарихы біршама толық көрсетілген. Онда газет материалдарының облыстың экономикасын, мәдениетін көтеруге, бұқараны жаңа рухта тәрбиелеуге зор үлес қосқандығы айтылады. Сонымен қатар газеттің абыройын асырып отырған қаламгерлердің қызметі туралы да мәліметтер жинақталған. Б.Досманбетов пен М.Кереевтің «Қызылорда» [10] атты еңбекте Қызылорда облыстық баспасөзінің тарихы туралы материалдар бар. Сондай-ақ Қазақстанның алғашқы астанасы Орынбордан Ақмешітке көшкенінің 80 жылдығына арналған А.Х.Айдосов, Ы.Қалиев, М.Қ.Кереев бірлесіп жазған «Қызылорда» [11] атты кітапта қаланың мәдени рухани өмірі, соның ішінде облыстық «Сыр бойы» газетінің тарихы туралы мәліметтер жинақталған. Кітапта облыстық басылымның еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі реформаларды тереңдету жөніндегі облыстың бағдарламасына сәйкес қайта құрулары жайлы жазылған проблемалық материалдар кеңінен қамтылғаны айтылады. Жерлесіміз, тарих ғылымдарының кандидаты, ұзақ жылдар бойы «Ленин

жолы» газетінің редакторы қызметін атқарған Н.Уәлиевтің «Қазақстан баспасөзі Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты кандидаттық диссертация жұмысында облыстық «Ленин жолы» газетінің тарихына да қатысты деректер жинақталған. Облыстық «Сыр бойы» газетінің тарихы өзінің бастауын 1929 жылдан бастап алады. 1929 жылы республика орталығы Алматыға көшкеннен кейін Қызылордада жаңа басылым шығару мәселесі шешілді. «Осы газеттің, - деп жазды белгілі жазушы А.Тоқмағанбетов – атын қоюға газеттің алқа мүшелері және Мансұр Гатауллин болып жиналыс жасадық. Гатауллин көп жыл газетте істеген білімді, әрі талантты жігіт еді. Газеттің атын ойластырып «Сыр бойы» болсын деп келістік» [12]. «Сыр бойының» тұңғыш номері 1 шілдеде жарыққа шықты. Алғаш рет Қызылорда округтік партия, кеңес комитеттері мен кәсіпшілер одағы бюросының газеті делініп, аптасына екі реттен шықты. Қыркүйектен Қызылорда, Шиелі, Тереңөзек, Қармақшы, Қазалы, Аламесек аудандарының партия, кеңес комитеттері мен кәсіпшілер одағы бюроларының органына айналдырылды. «Сыр бойы» негізінен шаруалар газеті еді. Шаруа жайын, егіншілік мәселесін, мал қамын көп жазды. Ауыл тіршілігіне көбірек араласты. Газет Қызылорда хабарларын, әр түрлі бұйрық – жарлықтарды да елге жеткізіп отырды. Әдебиетке де көп көңіл бөлді. Газет 1930 жылы 1 шілдеде өзінің мерейтойын атап өтті. Ә.Қоңыратбаев «Бір жыл» деген бас мақала жазып, оның жұмысын бір қорытындылап тастады [13]. Белгілі қаламгер, Қалқабай Әбенев «Сыр өңірінің трибунасы» [14] деп аталатын мақаласында: «Облыстық «Ленин жолы» газетінің бірінші номері осыдан жарты жыл бұрын 1929 жылдың шілдесінде Қызылорда қаласында «Сыр бойы» деген атпен жарық көрді. Сөйтіп Сыр еңбекшілері Ұлы Октябрь революциясы әкелген алуан түрлі өзгерістер мен жаңалықтарды, партия мен үкіметіміздің саясатын жеткізетін газетті тұңғыш рет қолдарына алды» деп жазды. 1929 жылдың күзінде қазақ халқына үлкен қасірет әкелген ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру басталды. Бұл іс дайындықсыз қолға алынды. 1929 жылдың 9 айында Қазақстанда колхоздар саны 2115 – тен 4348-ге дейін, ал оларға тартылған шаруа шаруашылықтары 23 мыңнан 66 мыңға дейін өсті. Газет ауыл кедейлеріне колхозға мүше болуға шақырды, партия мен үкіметтің сол кездегі саясатын жан-жақты түсіндіріп, «Совет өкіметінің алда тұрған міндеттері мен мақсаттарын қалың жұртшылыққа жеткізуге күш салды. Газет беттерінде ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеуліктер, отызыншы жылдардың бас кезіндегі қолдан ұйымдастырылған геноцидтік, сұрапыл ашаршылықтың зардаптары туралы жазылды. «Сыр бойы» газетінде облыста жүргізіліп жатқан мәдени – рухани өмірдегі өзгерістер кеңінен баяндалды. Әсіресе, сауаттандыру мәселесі, мектеп ісін

дамыту, мектептердің материалдық жағдайын жақсарту, мұғалім кадрларды даярлау мәселесі кеңінен жүргізілді. Осы кезеңде «Сыр бойы» газетінің құрамы нығайып, өсе түсті. Оның алғашқы редакторы Жиенғали Тілепбергенов болды [15]. «Сыр бойы» газетінде Жиенғали Тілепбергеновпен қатар Бейімбет Майлин, Мансұр Гатауллин, Асқар Тоқмағанбетов, Әуелбек Қоңыратбаев, Батырғали Калюков, Әбдірахман Мұстафин, Матжан Байділдаұлы және басқа арыстар еңбек еткен. 1932 жылы ақпанда «Сыр бойы» газеті атын «Ленин туы» деп өзгертті. Бұрынғысынша ауданарлық газет бола отырып, колхоз құрылысын нығайтуға күш салды. Газет беттерінде бесжылдық кезіндегі халықтың еңбектегі ерліктері туралы әңгімелер қозғалды. Қызылорда облысының әлеуметтік – саяси өмірі кезінде күшпен енгізілген ұжымдастыру зардабымен айқындалып, қуғын – сүргін дәуірімен жалғасты. Оның құрбандарының бірі – «Ленин туы» газетінің редакторы Қ.Қауымбаев еді. Талантты журналист, білікті ұйымдастырушы 1937 жылы 28 қыркүйекте «халық жауы» ретінде партия қатарынан шығарылып, 31 қазан күні атылды. Қазақ ССР-і Орталық Атқару Комитеті Президиумының 1938 жылғы 4 ақпандағы қаулысы бойынша Батыс Қазақстаннан Гурьев, Оңтүстік Қазақстаннан Қызылорда өзінше облыс болып бөлініп шықты. Енді сол жылғы 22 наурыздан «Ленин туы» «Ленин жолы» деген жаңа атпен Қызылорда облыстық, қалалық партия комитеттерінің, еңбекшілер депутаттары облыстық советінің органы болып шыға бастады [16]. Төрт жылға созылған Ұлы Отан соғысы жылдарында өлім мен өмір арпалысы кезінде газет облыс экономикасын жеңіс мүддесі үшін қайта құруға партия ұйымына көмекші – қолқанат бола білді. Соғыстағы жерлес жауынгерлердің ерлігімен елді таныстырып отырды. Сөйтіп майдан мен тылды жалғастырумен болды. 1939 жылдары газет жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Басылымға жоғары білімді мамандар жұмысқа тұра бастады. З.Жарқынбаев, Б.Әлменов, Ж.Құлымбетов, т.б. қаламы жүйрік журналистер қызметке келіп, шабыттарын шындай бастаған кезі осы тұс болатын. 1941-1945 жылдар бедерінде газет жұртшылықты «Барлығы да майдан үшін, барлығы да жеңіс үшін» деген жалпыхалықтық ұранға сай жұмылдыра білді. Майдангерлер туралы мақалалар үздіксіз, кең көлемде жарияланды. Алпысыншы жылдардың басында газет таралымы бұрынғыдан да көтерілді. Газет оқырмандарының саны – 20 мыңға жетті. Газетте бөлімдер саны көбейді. Халықтық бақылауға да назар аударып, «Халық көзі – қырағы» деген бет ұйымдастырды. «Біздің календарь» деген айдар арқылы ұлы адамдар жайлы мақалалар берілді. Оны Н.Гоголь атындағы пединституттың оқытушылары дайындап тұрды. Спорт тақырыбына да назар аударды. 1966 жылы Англияда өткен футболдан әлем біріншілігі жөнінде

мақалалар жазылды [17]. 1962 жылдың тамыз айында газетке белгілі журналист кейіннен республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы болған Ұзақ Бағаев басшылыққа келді [18]. Ұжымда А.Құрманбаев, Ш.Қайырбеков, Н.Уәлиев, Н.Оспанов, М.Сәрсенов, С.Есмаханов, А.Ержан, З.Сахиев, Д.Сапаров, Ә.Айдаров, Қ.Мырзахметұлы, Ш.Дәрмағанбетов, А.Сопыбеков, К.Бәкіров секілді журналистер қызмет атқарды. Жетпісінші жылдарда да газеттің мазмұндық сапасы одан сайын арта түсті. Газет тілшілері еңбек адамдарымен белсене араласты, олардың өмірінен қызықты очерктер мен мақалалар жазылды. Газет бетінде сыни материалдар үздіксіз беріліп, оған нақты жауабы «Ленин жолының» сынынан кейін» деген айдармен жарияланып тұрды. «Қала проблемасы» деген айдармен Қызылорда қаласындағы маңызды мәселелер қозғалды. Қайта құру жылдарындағы реформалық өзгерістер, ел өміріндегі басқа да оқиғалар газет бетінде көрініс тапты. «Көңілашар беті» ұйымдастырылып, қызықты мақалалар берілді. Газетте жаңа толқын қалыптасқан. Ж.Рахматулла, Қ.Сыдықов, А.Кіребаев, Ж.Ақсақалов, Ж.Әлмашұлы, О.Мақсұтұлы, Қ.Данабаев, Н.Рахмет, С.Бихожа, М.Нұрханов, А.Аманжолұлы т.б. жұмыс істеді. Газет редакторы Қ.Әбеновті Нұрділдә Уәлиев алмастырды. «Ленин жолы» газеті облыстың өткір мәселелерін орынды көтере отырып, халықтың сүйікті басылымына айналды. Осы кезеңде облыс баспасөзінің көшбасшысы болып отырған газетте қазақтың талай-талай маркаға қаламгерлері тер төгіп, басылым беделінің өсуіне үлес қосты. 1991 жылдың 20 сәуірінен бастап газет редакторлығына белгілі ақын, журналист Әскербек Рахымбекұлы тағайындалды. Осы жылы газет өзінің байырғы «Сыр бойы» атауын қайта иеленді [19]. 1996 жылдың 20 ақпанынан бастап белгілі журналист – жазушы Жақсылық Рахматулла бас редакторлық қызметке кірісті [20]. Республика, облыс өміріндегі маңызды оқиғалар жедел хабарланып тұрды. Бұрынғы бөлімдер ықшамдалып, енді газетте руханият және ақпарат, экономика және әлеуметтік мәселелер, саясат және құқық бөлімдері пайда болды. Газет жанынан қосымшалар шығару қолға алынды. 2008 жылдың сәуір айынан бастап «Сыр бойы» газетінің бас редакторы болып Серік Пірназар сайланды. Одан кейінгі жылдарда газетті Жолдасбек Ақсақалов, Нұрболат Аманжолдар басқарды. Қазіргі кезде бас редактор қызметін Жұматәли Әбдіраман атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. Алматы, Мектеп, 1981, -240б.
2. Омашев Н. Қазақ журналистикасы. Алматы, 1992
3. Әбдіманов О. «Қазақ» газеті. А, 1993
4. Алдаберген Қ. Көне басылымдар. Құнды деректер. Аяулы есімдер. Алматы, 1997
5. Сүбханбердина Ұ. «Айқап» жинақ. Алматы, 1995
6. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі: Қазақстан тарихының деректері (1870-1918) Алматы, 2000
7. Кожекеев Т. Жыл құстары. Алматы, 1996
8. Қалиев Ы., Шілдебаев Е. Дария жағасындағы қала. Алматы, 1982
9. Сыр өңірінің тарихы. Алматы, 1998
10. Досманбетов Б., Кереев М.Қ. «Қызылорда», 1994
11. Айдосов А.Х., Қалиев Ы., Кереев М.Қ. «Қызылорда». Қызылорда, 2005
12. Кожекеев Ж. Жыл құстары. Алматы, 1996, - 114б
13. «Сыр бойы» газеті, 1930, 1 шілде
14. Әбенев Қ. «Сыр өңірінің трибунасы. «Ленин жолы», 1979, 17 сәуір
15. «Сыр бойы» газетіне 70 жыл (1929-1999 жж.). Қызылорда, 1999, -5 б.
16. «Сыр бойына» 70 жыл. Қызылорда, 1999, -10 б.
17. «Сыр бойы» газетіне – 70 жыл. Қызылорда, 1999, -17 бет
18. «Сыр бойы» газетіне – 70 жыл. Қызылорда, 1999, -18 бет
19. «Сыр бойы» газеті, 20 сәуір, 1991
20. «Сыр бойы» газеті, 20 ақпан, 1996

М.А. Қыдырбаев, тарих магистрі, «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

